



**"2018-2020 жылдарға арналған Ұлан ауданы Бозанбай ауылдық округінің бюджеті туралы" Ұлан аудандық мәслихатының 2018 жылғы 4 қаңтардағы № 154 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 2018 жылғы 11 қазандағы № 230 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 31 қазанда № 5-17-196 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 265 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 28.12.2018 № 265 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) .**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодексінің 109-1 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1– тармағы 1) тармақшасына, "2018–2020 жылдарға арналған Ұлан ауданының бюджеті туралы" Ұлан аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 137 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Ұлан аудандық мәслихатының 2018 жылғы 10 қыркүйектегі № 224 шешіміне сәйкес, Ұлан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2018–2020 жылдарға арналған Ұлан ауданы Бозанбай ауылдық округінің бюджеті туралы" Ұлан аудандық мәслихатының 2018 жылғы 4 қаңтардағы № 154 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5445 нөмірімен тіркелген, 2018 жылғы 25 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. 2018 – 2020 жылдарға арналған Бозанбай ауылдық округ бюджеті тиісінше қосымшаға сәйкес, соның ішінде 2018 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 19918,3 мың теңге, оның ішінде:  
салықтық түсімдер – 4502,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 673,3 мың теңге;  
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;  
трансферттер түсімі – 14743,0 мың теңге;  
2) шығындар – 19918,3 мың теңге;  
3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге, соның ішінде:  
бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;  
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0мың теңге;  
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге, оның ішінде:  
қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;  
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;  
5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0,0 мың теңге;  
б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 0,0 мың теңге, оның ішінде:  
қарыздар түсімі – 0,0 мың теңге;  
қарыздарды өтеу – 0,0 мың теңге;  
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0,0 мың теңге.";  
аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі.

Ұлан аудандық

мәслихат хатшысы, сессия төрағасы

О. Сыдыков

Ұлан аудандық мәслихаттың  
2018 жылғы 11 қазандағы № 230  
шешіміне № 1 қосымша

Ұлан аудандық мәслихаттың  
2018 жылғы 4 қаңтардағы № 154  
шешіміне № 1 қосымша

## Ұлан ауданының Бозанбай ауылдық округінің 2018 жылға арналған бюджеті

Санаты					
Сыныбы					
Ішкі сыныбы					
Атауы					сомасы (мың теңге)
1	2	3	4		5
				I. КІРІСТЕР	19918,3
1				Салықтық түсімдер	4502,0
	01			Табыс салығы	1400,0
		2		Жеке табыс салығы	1400,0

04	Меншікке салынатын салықтар	3102,0
	1 Мүлікке салынатын салықтар	32,0
	3 Жер салығы	60,0
	4 Көлік құралдарына салынатын салық	3010,0
2	Салықтық емес түсімдер	673,3
06	Басқа да салықтық емес түсімдер	673,3
	1 Басқа да салықтық емес түсімдер	673,3
4	Трансферттердің түсімдері	14743,0
02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	14743,0
	3 Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	14743,0
	Ағымдағы нысаналы трансферттер	6103,0
	Субвенциялар	8640,0

Функционалдық топ					
Функционалдық кіші топ					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бюджеттік бағдарлама					
Атауы					сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
				II. ШЫҒЫНДАР	19918,3
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	14351,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	14351,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	14351,0
			001	Аудандық маңызы бар қаланың, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13301,0
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1050,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1860,3
	3			Елді-мекендерді көркейту	1860,3
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1860,3
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1460,3
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	200,0
			010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	0,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	200,0
12				Көлік және коммуникация	3707,0
	1			Автомобиль көлігі	3707,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3707,0
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3707,0

13		Басқалар	0,0
	9	Басқалар	0,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,0
	040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	0,0
		III.Таза бюджеттік кредит беру	0,0
		Бюджеттік кредиттер	0,0
		IV.Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
		Қаржы активтерін сатып алу	0,0
		V.Бюджет тапшылығы (профициті)	0,0
		VI.Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	0,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК